

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Астана, 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 8 қараша № 7 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды.

«Біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар». – Астана қ.: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 295 б.

Әдістемелік ұсынымдар біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік қолдау көрсету мақсатында әзірленген.

Әдістемелік ұсынымдар біріктірілген сыныптардағы әртүрлі деңгейдегі білім алушылардың оқу мен қажеттіліктеріне сәйкес қысқа мерзімді жоспарды, ұзақ және орта мерзімді оқу бағдарламасын қамтиды. Әр білім алушының жеке ерекшеліктері ескеріліп, білім деңгейін жоғарылату үшін оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер көрсетілген.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық, аудандық білім басқармаларының/бөлімдерінің әдіскерлеріне, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты ауыл мектептерінің басшылары мен педагогтеріне қызмет барысында басшылыққа алуға ұсынылады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2024

КІРІСПЕ

Біріктірілген сыныптар – бұл әртүрлі жастағы және әртүрлі білім деңгейіндегі білім алушыларды бір сыныпта оқытатын оқыту формасы. Әдетте, мұндай оқыту формасы ауылдық жерлерде, білім алушылар саны аз мектептерде қолданылады. Біріктірілген сыныптарда педагог бір уақытта бірнеше сыныптың білім алушыларына білім береді, осы ретте әр сыныптың оқу бағдарламасынан тапсырмалар береді.

Біріктірілген сыныптардың артықшылықтары мен қиыншылықтары бар. Артықшылықтары ретінде педагогтің әр білім алушыға жекелей көңіл бөлу мүмкіндігін, балалардың өздігінен білім алу дағдыларын дамытуын айтуға болады. Ал қиыншылықтары – педагогке жүктеме жоғарылау, білім алушылардың әртүрлі білім деңгейіне бейімделу қажеттілігі.

Қазақстанда біріктірілген сыныптар, әсіресе ауылдық мектептерде жиі кездеседі және олардың тиімділігін арттыру үшін арнайы әдістемелік құралдар мен оқыту әдістері қолданылады.

Біріктірілген сыныптарда білім беруді ұйымдастыру – оқыту процесінің тиімділігін арттыру және әртүрлі білім деңгейлері мен қажеттіліктеріне жауап беру үшін маңызды тәсіл. Осы бағыттағы жұмыс білім берудің сапасын жақсартуға, оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға және ынтымақтастық дағдыларын нығайтуға мүмкіндік береді. Біріктірілген сыныптарда оқыту барысында мұғалімдер:

- Дифференциацияланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес келетін материалдарды пайдалана алады.
- Жобалық жұмыс әдісін енгізу арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.
- Пәнаралық байланыс жасап, пәндер арасында үйлесімділікті қамтамасыз ете отырып, білімнің берік негізін қалыптастырады.
- Жұптық жұмыс формаларын қолдану арқылы оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастық орнатуына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, оқушылардың өзара оқытуы, рөлдік ойындар, интерактивті әдістер мен технологияларды пайдалану – білім алудың қызықты әрі нәтижелі болуына ықпал етеді. Біріктірілген сыныптарда білім беруді ұйымдастыру әдістері мұғалімдерге оқушылардың жеке қабілеттерін ашуға, ынтымақтастық пен белсенділікті дамытуға мүмкіндік береді. Мұның нәтижесінде, оқушыларда терең білім мен дағдылар қалыптасып, оларды болашаққа дайындауға көмектеседі.

Сондықтан, білім беруде инновациялық тәсілдерді енгізу, педагогикалық әдістерді жетілдіру және оқу процесін тиімді ұйымдастыру – бүгінгі күннің басты міндеттері болып табылады.

1. ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕГІ БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРДА ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Біріктірілген сыныптарға қатысты нормативтік актілер

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы Заңының 1-тарауы, 1-бабы 58-тармағында: «Шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп» деп берілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 1-тарауы, 9-тармағында. «Шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп»;

1-параграфы «Шағын жинақты мектептер, тірек мектептері қызметінің үлгілік қағидаларының 6-тармағында: «біріктірілген сыныптарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың» 97-тармақшасында: «ШЖМ-да оқу-тәрбие процесі біріктірілген немесе жеке сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес қамтамасыз етіледі».

ШЖМ-дағы 2-11 сыныптардың толымдығына 3 және одан артық адамға дейін рұқсат беріледі.

Өртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 1, 2 жас айырмасын ескере отырып, екі немесе үш сыныпты біріктіруге жол беріледі.

Сыныптарды біріктіру кезінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

Бірінші сынып, бітіруші сыныптың білім алушыларын басқа сыныптарымен біріктіріп оқыту қарастырылмайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 614 бұйрығындағы «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» 1-тарауының 9-тармақшасында: «Шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп»

1-параграф. Шағын жинақты мектептер, тірек мектептері қызметінің үлгілік қағидаларында:

6) біріктірілген сыныптарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.

97. Тұрғындарының саны аз әрбір елді мекенде бастауыш ШЖМ білім алушылардың саны 5-тен 40 адамға дейін; негізгі ШЖМ білім алушылардың саны 41-ден 80 адамға дейін; орта ШЖМ білім алушылардың саны 81-ден 180 адамға дейін болған жағдайда жұмыс істейді.

ШЖМ-да оқу-тәрбие процесі біріктірілген немесе жеке сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес қамтамасыз етіледі.

ШЖМ-дағы 2-11 сыныптардың толымдығына 3 және одан артық адамға дейін рұқсат беріледі.

Әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 1, 2 жас айырмасын ескере отырып, екі немесе үш сыныпты біріктіруге жол беріледі.

Сыныптарды біріктіру кезінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

Бірінші сынып, бітіруші сыныптың білім алушыларын басқа сыныптарымен біріктіріп оқытуға жол берілмейді делінген.

Біріктірілген сыныпта сабақ өткізетін педагогтердің еңбекақысын төлеу бойынша

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» № 191 бұйрығының негізінде «Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидалары» 2-тарау. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің жалақысын есептеу тәртібі» 23-тармақшасында: «Шағын жинақты жалпы білім беретін мектептердің педагогтерінің жалақысы педагогикалық жұмыстың бір аптадағы нақты оқу жүктемесі үшін есептеледі, бірақ сынып-жиынтыққа кіретін басқа сыныптармен салыстырғанда оқу уақытының ең көп көлемі көрсетілген сынып-жиынтыққа кіретін сыныптың оқу жоспарында көзделгеннен жоғары емес.

Бір мұғалімге бір жарым ауысымдағы жұмысы үшін жалақы оқушылардың жалпы контингенті 20 адамға дейін екі бастауыш сынып, оқушылардың жалпы контингенті 15 адамға дейін үш бастауыш сынып, оқушылардың жалпы контингенті 10 адамға дейін төрт бастауыш сынып болған кезде білім алушылар біріктірілетін сынып-жиынтығы бар оқу жоспары бойынша оқу уақытының көлеміне байланысты есептеледі.

Егер екі бастауыш сыныптағы оқушылар саны 20 және одан да көп адамды құраса, әрбір мұғалімге жеке сыныбымен жұмыс істегені үшін жалақы есептеледі.

Егер оқушылардың саны 15 және одан да көп адам болса, үш бастауыш сынып біріктірілгенде, 10 және одан да көп адам санымен төрт бастауыш сыныптарды біріктірген кезде мұғалімге жалақы әрбір сынып-жиынтыққа есептеледі.

Ауылдық жердегі шағын жинақты мектептерге қатысты

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы «Халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына

карай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы» № 185 бұйрығы негізінде «Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативінің» Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жалпы саны әрбір ауылдық елді мекенде:

1) мектепалды жасындағы адамдардың саны 5 және одан көп болғанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

2) кіші мектеп жасындағы адамдардың саны 5 және одан көп болғанда, мемлекеттік бастауыш білім беретін ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

3) кіші және орта мектеп жасындағы адамдардың саны 41 және одан көп болғанда, мемлекеттік негізгі орта білім беретін ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

4) кіші, орта және жоғары мектеп жасындағы адамдардың саны 81 және одан көп болғанда, мемлекеттік жалпы орта білім беретін ұйымның жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

7. 2-тармақта көрсетілген нормативтер білім беру ұйымдары мектепалды және мектеп жасындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылар тұрақты тұратын елді мекендерден 3 километрден астам қашықтықта болған кезде белгіленеді.

Елді мекендердің арасында табиғи кедергілер (өзендер, көлдер) болған жағдайда мұндай білім беру ұйымдары бір-бірінен аз арақашықтықта құрылады. Қазіргі уақытта елімізде мектебі жоқ елді мекендер бар. Олар бойынша мәліметтер келесі кестеде берілген.

1-кесте. Мектебі жоқ елді мекендер мен білім алушылар бойынша мәлімет

өңірлер	ауыл	Халық	БА	интернатта	күнделікті тасымалдау	туысканда тұрады	өздері қатынайды	пәтерде
Абай	260	40960	4813	425	4296	7	13	0
Ақмола	282	30395	4551	150	4401	0	0	0
Ақтөбе	110	6885	647	285	299	26	25	4
Алматы	93	47851	7693	0	5967	0	0	0
Атырау	105	31525	2409	190	2061	4	0	0
БҚО	168	19226	2248	473	1715	32	2	0
Жамбыл	80	23123	3227	92	1706	0	0	0
Жетісу	55	9112	1631	0	1631	0	0	0
Қарағанды	237	31994	3673	560	2713	0	0	0
Қостанай	249	29490	2510	352	2152	6	0	0
Қызылорда	44	2625	420	131	217	72	0	0
Маңғыстау	5	481	38	19	0	0	0	0
Павлодар	176	28014	3475	117	3257	0	0	0
СҚО	329	31885	2931	966	1947	0	0	2
Түркістан	156	59886	10967	181	9800	0	998	0
Ұлытау	13	5942	4617	37	633	0	0	0
ШҚО	269	42352	5989	541	4635	27	29	0
Барлығы	2631	441746	61839	4519	47430	174	1067	6

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2631 ауылдық елді мекендерде мектеп жоқ. Ондағы тұрып жатқан халық саны – 441 746. Ал осы елді мекендерде тұрып жатқан білім алушылар саны – 61839. Білім алушылардың интернаттарда жатып оқитындары – 4519, күнделікті тасымалдауда – 47430, туысқанында тұратыны – 174, өздері қатынайтыны – 1067 және пәтерде тұратыны – 6. Келесіде республика бойынша шағын жинақты мектептер мен оның қалада немесе ауылда орналасуы бойынша мәліметтер берілген.

2-кесте. Шағын жинақты мектептер бойынша мәлімет

облыстар	барлығы	қала	ауыл	типті	бейімделген
Ақмола	337	3	334	262	75
Ақтөбе	201	2	199	133	68
Алматы	73	0	73	47	26
Атырау	27	0	27	18	9
ШҚО	195	2	193	146	49
Жамбыл	141	4	137	81	60
БҚО	206	1	205	120	86
Қарағанды	154	3	151	113	41
Қостанай	274	1	273	229	45
Қызылорда	12	0	12	6	6
Маңғыстау	10	0	10	6	4
Абай	159	3	156	107	52
Жетісу	135	1	134	98	37
Ұлытау	35	3	32	26	9
Павлодар	212	2	210	166	46
СҚО	334	2	332	278	56
Түркістан	138	3	135	116	22
Барлығы	2643	30	2613	1952	691

Ұлттық білім беру деректер базасының (ҰББДК) мәліметтері негізінде Республика бойынша барлығы 2643 шағын жинақты мектеп тіркелген. Оның 2613-і (99 %) ауылдық жерде орналасса, 30-ы (1 %) қалалық жердегі шағын жинақты мектептер. Мектептердің 1952-сі (74 %) типті мектептер қатарына жатса, 691-і (26 %) бейімделген мектептер ретінде саналады. Шағын

жинақты мектептердің көбі – 337-сі Ақмола облысында, 334-і Солтүстік Қазақстан облысында, 274-і Қостанай облысында, 212-сі Павлодар облысында, 206-сы БҚО-да, Ақтөбе облысында – 201 болса, ең аз шағын жинақты мектептері бар өңірлер – Маңғыстау облысында – 10, Қызылорда облысында 12, Атырау облысында – 27 және Ұлытау облысында – 35 шағын жинақты мектептер тіркелген. Келесіде 2023-2024 оқу жылында толық жинақтыдан шағын жинақты мектептерге өткен білім беру ұйымдары бойынша мәлімет берілген.

3-кесте. Толық жинақты мектептен шағын жинақты мектепке өткен мектептер бойынша мәлімет.

№	облысы	ШЖМ
1	Абай	2
2	Ақмола	1
3	Ақтөбе	0
4	Алматы	0

2023-2024 оқу жылында толық жинақты мектептердің шағын жинақты мектептерге ауысқан мектептер анықталды. Толық жинақтыдан шағын жинақтыға ауысқан мектептер саны – 26 мектеп

5	Атырау	1
6	БҚО	4
7	Жамбыл	10
8	Жетісу	3
9	Қарағанды	2
10	Қостанай	0
11	Қызылорда	1
12	Маңғыстау	0
13	Павлодар	1
14	СҚО	0
15	Түркістан	0
16	Ұлытау	0
17	ШҚО	1
	Барлығы:	26

екені анықталып отыр. Оның көбі Жамбыл облысында – 10 мектеп, БҚО-да – 4 мектеп, Жетісу облысында – 3 мектеп, Абай және Қарағанды облыстарында – 2 мектептен және Ақмола, Атырау, Қызылорда, Павлодар және ШҚО-да – 1 мектептен толық жинақтыдан шағын жинақтыға өткен. Бұл дегеніміз, бала санының азайғанынан мектептердің типтері өзгерген. Сондай-ақ шағын жинақты мектептері бар ауылдарда мектептердің жабылуы да белең алуда. 2023-2024 оқу жылында жабылған мектептер бойынша мәлімет келесіде берілген.

4-кесте. 2023-2024 оқу жылында жабылған мектептер бойынша мәлімет

№	Облыстар	2023	2024
1	Ақмола	10	9
2	Ақтөбе	2	1
3	Алматы	1	5
4	Атырау	1	0
5	ШҚО	0	0
6	Жамбыл	3	2
7	БҚО	5	4
8	Қарағанды	8	6
9	Қостанай	9	12
10	Қызылорда	0	0
11	Маңғыстау	0	0
12	Абай	1	0
13	Жетісу	0	22
14	Ұлытау	1	1
15	Павлодар	0	1
16	СҚО	7	14
17	Түркістан	1	1
	Барлығы	49	78

Кестеден көріп отырғанымыздай, жергілікті жерлерден алынған мәліметтер негізінде 2023 жылы республика бойынша 49 мектеп және 2024 жылы 78 мектеп жабылғаны анықталып отыр. 2023 жылы мектептері көп жабылған өңірлерге Ақмола облысында – 10, Қостанай облысында – 9, Қарағанды облысында – 8, СҚО-да – 7, БҚО-да – 5, Жамбыл облысында – 3, Ақтөбе облысында – 2 және Алматы, Атырау, Абай, Ұлытау мен Түркістан облыстарында 1 мектептен жабылған. Ал 2024 жылы ең көп мектептер жабылған өңірлердің қатарында Жетісу облысында – 22, СҚО-да – 14, Қостанай облысында – 12, Ақмола облысында – 9, Қарағанды облысында – 6, Алматы облысында – 5, БҚО-да – 4, Жамбыл облысында – 2 және Ақтөбе, Ұлытау, Павлодар мен Түркістан облыстарында 1 мектептен жабылған. Ауылдардағы мектептердің жабылуы ауыл тұрғындары мен білім алушылары үшін көптеген проблемаларды тудыратыны белгілі. Келесі

кестеде республика бойынша шағын жинақты мектептерде білім алатын білім алушылар бойынша мәлімет берілген.

5-кесте. Шағын жинақты мектептерде білім алушылар бойынша мәлімет

Өңір	контингент
Ақмола	22021
Ақтөбе	13575
Алматы	5853
Атырау	1855
ШҚО	11446
Жамбыл	12558

Кестеден көріп отырғанымыздай, шағын жинақты мектептерде барлығы – 184 381 білім алушы білім алады.

Оның көбі – Ақмола облысында – 22021, СҚО-да – 20508, БҚО-да – 14439, Ақтөбе облысында – 13575, Павлодар облысында – 12434, Абай облысында – 12351, Жетісу облысында –

БҚО	14439
Қарағанды	11361
Қостанай	17604
Қызылорда	548
Маңғыстау	930
Абай	12351
Жетісу	12542
Ұлытау	2501
Павлодар	12434
СҚО	20508
Түркістан	11855
Барлығы	184381

12542, Жамбыл облысында – 12558, ШҚО-да 11446, Түркістан облысында – 11855, Қарағанды облысында – 11361 білім алушы болса, азы – Қызылорда облысында – 548, Маңғыстау облысында – 930 білім алушы тіркелген. Келесіде шағын жинақты ауылдық мектептерде қызмет ететін педагогтер бойынша мәліметтер берілген.

6-кесте. ШЖМ педагогтері бойынша мәліметтер

облыстар	педагогтер
Абай	2587
Ақмола	4833
Ақтөбе	3653
Алматы	1247
Атырау	373
БҚО	3542
Жамбыл	2533
Жетісу	2650
Қарағанды	2580
Қостанай	3898
Қызылорда	150
Маңғыстау	168
Павлодар	3594
СҚО	5023
Түркістан	2203
Ұлытау	596
ШҚО	2821
Барлығы	42 451

Шағын жинақты мектеп педагогтерінің саны – 42 451. Оның – СҚО-да (5023), Ақмола (4833), Қостанай (3897), Ақтөбе (3653), Павлодар (3594), БҚО-да (3542), ШҚО-да (2821), Жетісу (2650), Абай (2587), Қарағанды (2580), Жамбыл (2533), Түркістан (2203), Алматы (1247), Ұлытау (596), Атырау (373), Маңғыстау (168) және Қызылорда (150) облыстарында тіркелген. Келесі кестеде Республика бойынша біріктірілген сыныптары бар мектептер туралы мәліметтер берілген.

7-кесте. Республика бойынша біріктірілген сыныптары бар мектептер туралы мәліметтер

№	Облыстар	ШЖМ	Біріктіріп оқытатын мектеп	Бастауыш білім беру			Негізгі орта білім беру			Жалпы орта білім беру		
				сынып	БА	мұғалім	сынып	БА	мұғалім	сынып	БА	мұғалім
1	Абай	159	67 (42 %)	55	440	55	46	441	1196	5	38	75
2	Ақмола	337	307 (91 %)	326	1482	519	430	2149	1757	31	172	269
3	Ақтөбе	201	106 (53 %)	116	752	309	150	115	790	6	27	44
4	Алматы	73	4 (5 %)	4	16	4	2	8	1	0	0	0
5	Атырау	27	4 (1 %)	4	18	4	1	9	9	0	0	0
6	БҚО	206	62 (30 %)	73	224	103	67	142	213	40	121	118
7	Жамбыл	141	17 (12 %)	13	80	32	6	42	75			
8	Жетісу	135	12 (0,8 %)	13	40	24	13	54	76	2	10	14
9	Қарағанды	154	54 (35 %)	45	148	108	48	220	288	4	24	33
10	Қостанай	274	169 (62 %)	327	1065	449	320	1144	1306	91	256	275
11	Қызылорда	12	12 (100 %)	8	15	5	7	52	60	0	0	0
12	Маңғыстау	10	0 (0 %)	0	0	0	0	0	0	0	0	0
13	Павлодар	212	147 (69 %)	320	1922	619	325	2218	1556	63	284	489
14	СҚО	334	178 (53 %)	164	617	312	132	629	923	10	45	99
15	Түркістан	138	26 (2 %)	33	177	46	2	17	4			
16	Ұлытау	35	8 (2 %)	15	36	20	10	27	48	0	0	0
17	ШҚО	195	177 (91 %)	70	347	70	104	497	655	3	13	28
	Барлығы:	2643	1576	1586	7379	2679	1663	7764	8957	255	990	1444

Кестеден көріп отырғанымыздай, біріктіріп оқытатын мектептер саны – **2643** болса, оның **1576**-ында біріктіріп оқытатын сыныптары бар мектептер. Ол **60 %**-ды құрап отыр. Осы мектептерде – **3504** сынып, **16 133 (9 %)** білім алушы мен **13 080 (27 %)** педагог қызмет етеді. Келесі кестеде Республика бойынша шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптар бойынша мәлімет берілген.

8-кесте. Республика бойынша шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптар туралы мәлімет

№	Өңірлер	Бастауыш білім беру							Негізгі орта білім беру																Жалпы орта білім беру					
		1-2	1-3	1-4	2-3	2-4	3-5	3-4	2-3-4	4-5-7-8	5-8	5-6-7	5-6-8	5-7-8	5-6	6-7	6-8	7-9	7-8	6-7-8	8-9	5-7	5-6-8	5-8-9	5-9	8-10	10-11	9-11	9-10	сын
1	Абай	13	2	1	19	6		13	1					19	4			14	1	2	2	1	1			5			104	
2	Ақмола	27	8	3	64	31	0	46	33	0	4	1	4	0	95	17	5	0	46	25	21	1	4	1	0	6	4	2	5	453
3	Ақтөбе	12	5	5	37	20		21	13					64	20			53	7	6						6			269	
4	Алматы	0	0	0	1	1	0	0	3	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	6
5	Атырау		1		1	2												1											5	
6	БҚО			2	23	10	1	11	18			1		8	2	3	2	13	1	1	1	1							98	
7	Жамбыл	2	3	0	3	2		3	0	0				1	2		1	2	1	0						0	0		20	
8	Жетісу	1	1	1	1	2		5						1	2			2	1	2									19	
9	Қарағанды	4	3	1	17	6	-	15	-	-	2	1	-	1	18	2	2	1	15	1	2	2	-	-	-	1	4	-	-	98
10	Қостанай	36	64	44	75	82	0	40	38	0	2	6	0	6	100	34	20	24	76	3	19	31	2	12	0	5	30	0	8	757
11	Қызылорда	1	1	1	2	2	0	1	0	0	0	0		0	3	1	0	0	2	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0	15
12	Маңғыстау	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0		0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
13	Павлодар	34	50	24	45	45		41	9	0	0	0		8	85	32	0	0	48	24	34	0	0	0	0	0	35	2	1	517
14	СҚО	32	24	9	26	23		34	1	0	2	0		0	21	17	11	2	21	3	16	14	0	1	0	1	8	0	1	267
15	Түркістан	7	12	12	7	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	1	0	41
16	Ұлытау	13	25	25	25	25	13	12	25	19	19	11	19	19	9	10	18	10	10	18	8	11	19	19	19	8	0	0	0	409
17	ШҚО	3	6	3	36	7		9	1		2	2	1		20	15	18		21		2	22			1	1			2	172
	Барлығы:	185	205	131	382	264	14	251	142	19	31	22	24	34	445	158	77	40	325	86	114	84	27	34	20	22	92	5	17	3250

Кестеден көріп отырғанымыздай, өңірлерде сыныптарды бала санының аздығына қарай біріктіру мәселесі жергілікті жердегі қажеттілік бойынша жүзеге асырылады.

Біріктірілген сыныптарда сабақ беру – қызықты әрі қиын жұмыс. Сондықтан оқушылардың деңгейіне байланысты тапсырмаларды дайындау қажет. Әр білім алушының деңгейіне сәйкес қиындықтағы тапсырмалар беріп, оларды өз қарқынымен орындауына мүмкіндік жасау керек. Визуалды, дыбыстық, вербалды әдістерді қолдану өте тиімді. Мысалы, бейнемазмұн, графиктер, рөлдік ойындар. Сабақты жоспарлағанда, әртүрлі деңгейдегі оқушыларға арналған тапсырмаларды беруде әр деңгейі оқушылардың дағдыларына сәйкес келуі тиіс. Оқушылардың өзара әрекеттесуіне және бір-біріне көмектесуіне мүмкіндік беретін тапсырмалар ұйымдастыра отырып:

- оқу мәтінімен, оқу құралдарымен жұмыс істеудің, оқудың әртүрлі тәсілдеріне үйрету. Оқу ақпаратын қабылдау үдерісінің нәтижелілігі мен ұғынылуы үшін мәтіндерді оқудың «оқуға дейін», «оқу кезінде», «оқудан кейін» стратегиясын қолдану;

- білім алушылардың тілін дамыту үшін тіректерді, кестелерді, сызбаларды, модельдерді, графикалық органайзерлерді, мәтіндік ақпаратты құру бағдарларын пайдалану қажет. Оқу материалын ұйымдастыру үшін әртүрлі графикалық органайзерлерді қолдануға үйрету;

- біріктірілген сыныптарда жаңа материалды қабылдауға дайындық кезінде білім алушының жеке өзіндік жұмысы басым болуы тиіс: оқулықпен жұмыс істеу, белгімен оқу, бақылау нәтижелері жазылған кесте бойынша тілдік құбылыстарды бақылау, белгілі бір тапсырмалары бар суреттерді қарау және т. б. Оқу материалын бақылау және талдау мұғалімнің түсіндіруінен басталады, оның мақсаты, тапсырмалары және оны орындау тәсілдері көрсетіледі;

- оқулықтан, сондай-ақ өз бетінше басқа ресурстардан қойылған оқу мақсатын іске асыру үшін әртүрлі жастағы білім алушылар арасындағы қарым-қатынасты, өзара қарым-қатынасты дамытуға ықпал ететін тапсырмалар таңдау;

- біріктірілген сыныптарда оқытуды ұйымдастырған кезде сыныптарды интернет желісіне және құлаққапқа қол жеткізе отырып компьютерлермен (ноутбуктермен) жабдықтау. (құлаққаптар аралас сыныптағы басқа білім алушылардың мультимедиа, аудио, бейне-мазмұн дыбыстарына алаңдамауы үшін қажет).

- цифрлық ресурстармен жұмыс істеу (білім алушыларға өздігінен жұмыс жүргізу және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ материалдарды өздігінен зерттеуге, тапсырмаларды өз қарқынымен орындауға бірегей мүмкіндіктер береді).

Ерекшеліктері:

- Бір сыныпта бірнеше жастағы және білім деңгейі әр түрлі оқушылардың болуы.

- Мұғалімнің бір уақытта бірнеше сыныпқа сабақ беруі.

- Оқу материалын әр сыныптың деңгейіне сай бейімдеу қажеттілігі.

- Оқушылардың өзіндік жұмыс істеу дағдыларын дамытуға баса назар аудару.

Ұсыныстары:

Топтық және жеке жұмыстарды кеңінен қолдану:

– Бір сыныптың оқушылары топтарға бөлініп, әр топ өз деңгейіне сай тапсырмаларды орындайды.

– Жоғары сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларына көмектесе алады.

– Дифференциацияланған оқытуды қолдану:

– Әр сыныпқа арналған жеке тапсырмалар, оқу материалдарын, бағалау критерийлерін әзірлеу.

– Оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеру.

Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру:

– Оқушылардың өз бетімен оқу, тапсырмаларды орындау, зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру.

– Оқулықтармен, қосымша материалдармен, интернет ресурстарымен жұмыс істеуді үйрету.

Жаңа технологияларды пайдалану:

– Интерактивті тақта, компьютер, интернет ресурстары сабақты қызықты және тиімді етуге көмектеседі.

– Білім беру платформалары мен мобильді қосымшаларды қолдану.

Артықшылықтары:

– Кіші сынып оқушылары жоғары сынып оқушыларынан үлгі алады.

– Жоғары сынып оқушылары өз білімдерін бекітіп, төменгі сынып оқушыларына көмектесу арқылы жауапкершілікті сезінеді.

– Оқушылардың өзіндік жұмыс істеу дағдылары дамиды.

– Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

Кемшіліктері:

– Мұғалімге жүктеме көп түседі.

– Әр сыныпқа жеке көңіл бөлуге уақыт жетпеуі мүмкін.

– Бір сыныптағы оқушылардың білім деңгейіндегі айырмашылық үлкен болса, оқу процесін ұйымдастыру қиынға соғуы мүмкін.

Жасанды интеллект:

– Білім беру платформаларында жасанды интеллект негізіндегі чат-боттар оқушыларға жеке көмек көрсете алады.

– Жасанды интеллект негізіндегі бағдарламалар оқушылардың білім деңгейін анықтап, оларға жеке тапсырмалар ұсына алады.

Эмоционалды интеллект:

– Біріктірілген сыныптарда мұғалім эмоционалды интеллектті дамытуға баса назар аударуы керек.

– Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, эмоцияларын басқару, ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын дамыту маңызды.

Біріктірілген сыныптарда оқу процессін ұйымдастыру – күрделі, бірақ мүмкін болатын міндет. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, шығармашылық ізденісі және жаңа технологияларды тиімді пайдалануы біріктірілген сыныптардағы оқушыларға сапалы білім беруге мүмкіндік береді.

Біріктірілген сыныптарда сабақ өткізетін мұғалімдерге келесі ұсыныстарды қолдану ұсынылады.

1. Сабақты жоспарлау және ұйымдастыру

Біріктірілген сыныптарда сабақты жоспарлау және ұйымдастыру кезінде мұғалімдерге келесі ұсыныстарды ұстану маңызды:

1.1 Сабақ жоспарын құруда алдын ала:

- Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларды құру
- Әр сыныптың деңгейіне қарай оқыту мазмұнын іріктеу керек

1.2 Уақытты тиімді пайдалану

- Сабақты бірнеше кезеңге бөлу керек, мысалы
- Топтардың сабақ барысындағы рөлдерін ауыстырып отыру қажет

1.3 Оқу тапсырмаларын саралау

- Тапсырмаларды әр сыныптың деңгейіне қарай өзгертіңіз
- Қиындық деңгейі әртүрлі тапсырмаларды дайындау ұсынылады.

1.4 Топтық және өздік жұмыстарды ұйымдастыру

- Оқушыларды топтық немесе жұптық жұмыстарға тарту
- Өздік жұмыс үшін материалдар дайындау қажет.

1.5 Көрнекілік және оқу материалдары

- Көрнекі құралдар мен ресурстарды пайдалану
- Түрлі оқу құралдарын қолдану керек

1.6 Сабақтың әртүрлі әдістерін қолдану

- Оқытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану
- Саралап оқыту әдістерін пайдаланған дұрыс.

1.7 Сабақты қорытындылау және кері байланыс беру

• Сабақ соңында әр сыныппен бөлек жұмыс жасап, олардың түсінгенін бағалау қажет.

- Жеке және топтық жетістіктерді мадақтау керек.

Біріктірілген сыныптардағы сабақ жоспары жан-жақты және икемді болуы тиіс, сондықтан мұғалім әрқашан жоспарды өзгертіп отыру керек деген кеңес беріледі.

2. Саралап оқыту

Саралап оқыту – әртүрлі деңгейдегі оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделген білім беру әдісі. Бұл тәсіл оқыту процесінде барлық оқушылардың қабілеті, білім деңгейі және оқу қарқыны әртүрлі екенін ескеріп, оқу мазмұны мен әдістерін жеке-жеке немесе топтық ізде таңдауға мүмкіндік береді.

Саралап оқыту әдісі келесідей элементтерді қамтиды.

2.1 Мазмұнды саралау. Мазмұнды саралау – әртүрлі оқушылардың білім деңгейі, қызығушылықтары және қабілеттеріне сәйкес оқу материалдарын бейімдеуді білдіреді. Бұл тәсіл оқыту мазмұнын әр оқушының жеке қажеттіліктеріне қарай реттеуге мүмкіндік береді, сондықтан материалы қабылдау мен меңгеру процесі тиімдірек болады. Мазмұнды саралау әдістері: 1. «Тапсырмалардың күрделілік деңгейін өзгерту»: Оқушылардың дайындық деңгейіне қарай бірдей тақырып бойынша әртүрлі күрделіліктегі тапсырмалар

беру. Мысалы, жоғары деңгейлі оқушыларға күрделі есептер немесе тереңдетілген сұрақтар ұсынуға болады, ал жаңа тақырыпты меңгеріп жатқан оқушыларға негіздерді түсіндіріледі.

2.2 Процесті саралау. Процесті саралау – оқыту әдістері мен тәсілдерін оқушылардың жеке ерекшеліктеріне, оқу стиліне және оқу қарқынына бейімдеу. Бұл тәсіл арқылы әрбір оқушының материалды меңгеру үдерісі оңтайлы болады, себебі оқыту әдістері әртүрлі қабілеттері мен қызығушылықтары бар оқушыларға сәйкес іріктеледі. Процесті саралау әдістері: «Оқыту әдістерін бейімдеу», Оқушылардың оқу стиліне сәйкес әртүрлі әдістерді, тәжірибелік жұмыстарды қолдану.

2.3 Нәтижені саралау. Нәтижені саралау – оқушылардың оқу жетістіктерін әртүрлі жолдармен көрсетуге мүмкіндік беру тәсілі. Бұл әдіс әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, білімін бағалауға мүмкіндік береді. Нәтижені саралау арқылы оқушылар өз білімдерін көрсету үшін ыңғайлы және қолайлы тәсілді таңдай алады. Нәтижені саралау әдістері: «Бағалау түрлерін әртүрлі ету»: Оқушыларға өз білімдерін әртүрлі форма көрсетуге мүмкіндік беру. эссе жазу арқылы өз білімін көрсете алса, басқа біреуі презентация жасау, немесе қорғау арқылы білімін көрсете алады.

2.4 Оқыту ортасын саралау. Саралап оқыту оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға және олардың білім алу процесс белсенді қатысуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Оқыту ортасын саралау – оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес физикалық немесе виртуалды оқу ортасын бейімдеуді білдіреді. Бұл тәсіл оқушылардың оқу үдерісіне барынша қолайлы жағдай жасап, олардың жеке қажеттіліктері мен ыңғайына сай орта құруға бағытталған. Оқыту ортасын саралау әдістері: «Физикалық кеңістікті ұйымдастыру»: сынып ішіндегі отыратын орындарды әртүрлі форма ұйымдастыру. Мысалы, жеке жұмыс істеуге арналған жеке орындар, топтық жұмысқа арналған дөңгелек үстелдер немесе пікірталас интерактивті сабақтар үшін топтастыру. Бұл оқушылардың әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.

3. Топтық және жұптық жұмыс. Топтық және жұптық жұмыс – оқыту әдістері ретінде оқушылардың бірге жұмыс істеуін, бірлесіп тапсырмаларды орындауын және өзара пікір алмасуын қамтитын тәсілдер. Бұл әдістер оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, бірлесіп жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға және оқу материалын тереңірек меңгеруге көмектеседі.

3.1 Топтық жұмыс. Топтық жұмыс бірнеше оқушыдан құралған топтарда тапсырмаларды орындауды білдіреді. Бұл әдіс оқушылардың ынтымақтастықты дамытуына, ортақ мақсатқа жету үшін өзара келісіп, бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Топтық жұмыс ерекшеліктері артықшылықтары: ынтымақтастықты дамытады; мәселелерді шешу қабілеттері жақсарады; жауапкершілікті бөлісе алады; оқушылардың белсенділігін арттырады; әртүрлі деңгейдегі оқушылардың өзара қарым-қатынас орнатады.

3.2 Жұптық жұмыс. Жұптық жұмыс – екі оқушының бірігіп жұмыс істеуі. Бұл әдіс оқушылардың жеке қарым-қатынастарын жақсартуға, бірін-бірі қолдауға және оқу материалын меңгеруге көмектеседі.

Жұптық жұмыс ерекшеліктері мен артықшылықтары: көбірек жеке назар аудару; қарым-қатынас дағдыларын дамыту; шығармашылықты ынталандыру; қолдау көрсету және бағалау және кері байланыс беру мүмкіндігі.

Топтық және жұптық жұмыс оқыту үдерісін жандандырып, оқушылардың белсенді түрде қатысуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар олардың коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады.

4. Оқу материалдарын әртараптандыру. Оқу материалдарын әртараптандыру – бұл оқушылардың білім алу қажеттіліктеріне, оқу стиліне және мүдделеріне сәйкес оқу мазмұнын әртүрлі форма ұсыну. Бұл тәсіл оқу үдерісін қызықты және қолжетімді етіп, материалы жақсырақ меңгеруге мүмкіндік береді. Оқу материалдарын әртараптандырудың негізгі тәсілдері: «Мазмұнды әртүрлі форматта ұсыну»: «Мәтіндер»: оқулықтар, қысқаша конспектілер, мақалалар сияқты дәстүрлі материалдарды қолдану. «Көрнекілік құралдары»: Диаграммалар, кестелер, инфографика, иллюстрациялар арқылы ақпаратты көрнекі түрде беру. «Аудиоматериалдар»: Лекциялар, подкасттар немесе дыбыстық жазбалар арқылы ақпаратты тыңдау. «Бейнематериалдар»: Бейнесабақтар, жақсы фильмдер, анимациялар арқылы оқу материалын ұсыну. «Интерактивті ресурстар: Онлайн викториналар, симуляция, виртуалды зертханалар сияқты интерактивті құралдарды пайдалануға болады.

5. Уақытты тиімді басқару

Біріктірілген сыныптарда сабақ өткізуде уақытты тиімді басқару – мұғалімнің оқушылардың әртүрлі жас ерекшеліктерін, білім деңгейлерін және оқу қажеттіліктерін ескере отырып, уақытты оңтайлы ұйымдастыру қабілетін білдіреді. Мұндай сыныптарда бірден бірнеше деңгейдегі оқушылар оқитынын ескерсек, уақытты тиімді пайдалану оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады. Уақытты тиімді басқару тәсілдері: «Сабақ жоспарын мұқият әзірлеу»: - Әрбір топ үшін нақты мақсаттар мен нәтижелерді анықтау. «Сабақтың құрылымын кезеңдерге бөліп, әрбір кезеңнің ұзақтығын жоспарлау жатады.

6. Кері байланыс пен рефлексия. Біріктірілген сыныптарда кері байланыс пен рефлексия – әртүрлі деңгейдегі оқушыларға сәйкес келетін тәсілдер арқылы олардың оқу жетістіктерін жақсартуға бағытталған әдістер. Мұнда кері байланыс оқушылардың қателерін түзетіп, білімін тереңдетуге көмектеседі, ал рефлексия арқылы олар өз оқу үдерісін бағалап, жетілдіре алады.

Кері байланыс түрлеріне жеке және топтық кері байланыс беру жатады.

Кері байланыстың әртүрлі тәсілдерін қолдануда: ауызша кері байланыс, жазбаша кері байланыс, бейнематериалдар арқылы кері байланыс және өзара бағалау мен өздігінен бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Оқушыларға бір-бірінің жұмыстарын бағалауға мүмкіндік беру. Өзара бағалау барысында оқушылар өз сыныптастарының жұмыстарын талдап, күшті және әлсіз жақтарын атап, өздігінен бағалау арқылы оқушылар өздерінің жұмыстарын бағалайды және жетістіктерін, қиындықтарын анықтайды.

Рефлексиялық сұрақтар қолдану. Сабақ соңында немесе тапсырма орындалғаннан кейін оқушыларға рефлексиялық сұрақтар қою, мысалы: «Не үйрендім?», «Қандай қиындықтар кездесті?», «Не үшін мақтанамын?». Бұл сұрақтар оқушыларға өз оқу үдерісін бағалауға, жетістіктерін көруге және қандай бағытта даму керектігін анықтауға көмектеседі.

Рефлексиялық күнделік жүргізу. Оқушылардың оқу барысында жазбалар жүргізіп, өздерінің жетістіктері мен қиындықтарын талқылауын ұйымдастыру.

Күнделікті пайдалану арқылы оқушылар өздерінің даму динамикасын бақылап, мақсаттарын белгілеуге үйренеді.

Кері байланыс беру уақытын тиімді пайдалану. Сабақтың соңында кері байланыс пен рефлексияға уақыт бөліп, оқушылардың сұрақтарына жауап беру және олардың түсінігін анықтау. Әртүрлі топтармен жұмыс істеген кезде, бір топқа түсініктеме беріп жатқанда, екінші топқа рефлексиялық тапсырма беруге болады.

Цифрлық құралдарды қолдану. Онлайн-платформалар арқылы тапсырмаларға пікір қалдыру және бағыттауға болады. Интерактивті құралдар, мысалы, викториналар немесе кері байланыс формалары арқылы оқушылардан жауап алуға мүмкіндік берілген.

Біріктірілген сыныптарда кері байланыс пен рефлексия оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені бұл әдістер оқушылардың өз білімін саны түрде түсінуіне оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді.

Біріктірілген сыныптарда жұмыс істеу мұғалімнен жоғары кәсіби шеберлік пен шығармашылықты талап етеді, сондықтан үнемі жаңа әдістемелер мен оқыту тәсілдерін іздеп, білім деңгейін жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілуі керек.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы «Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарының ауылдық тірек және шағын жинақты мектептерінде жекелеген пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу» пилоттық жобасы туралы» № 388 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес «2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беру деңгейінің біріктірілген сыныптарына арналған Үлгілік оқу жоспарының жобасын апробациядан өткізуге қатысты Ақмола облысы мектептерінің тізімін бекіту ұсынылған.

Апробацияға Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебі» КММ (оқыту қазақ тілінде) және Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің Қонысбай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ кірді.

Әдістемелік ұсынымдаманың қазақ тіліндегі нұсқасында оқыту қазақ тіліндегі мектеп бойынша және орыс тіліндегі нұсқасында оқыту орыс тіліндегі мектеп бойынша мәліметтер мен ұсыныстар берілген. Келесіде оқыту қазақ тілінде оқытатын мектеп бойынша мәліметтер берілген.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша
білім бөлімі Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылындағы мәліметі**

«Ақмола облысы Білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің Кеңөткел ауылының негізгі орта мектебі» КММ 1979 жылы пайдалануға берілген. Мектепке 2011 жылы толық күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді.

Мектеп Кеңөткел ауылында Орталық көшесі, 13 үйде орналасқан.

Құрылыс ауданы: 505,6 га., жалпы ауданы: 447,1 м. ш.

Мектептің жобалық қуаты – 70 оқушы орындық. 6 оқу кабинеті бар, бейімделген ғимаратта.

Оқыту тілі – қазақша. Оқыту 1 ауысымда жүргізіледі. Мектепте: қосалқы спорт залы – 20 шаршы метр, кітапхана – 20 шаршы метрде орналасқан.

Педагогтердің жалпы саны – 6, оның ішінде: «педагог-зерттеуші» – 1, «педагог-сарапшы» – 3, «педагог-модератор» жоқ және «санатсыз» – 2 педагог жұмыс жасайды.

Қазіргі уақытта мектепте 11 оқушы оқиды. Мектеп алды даярлық сыныбында оқушы жоқ, 1-сыныпта 1 комплект 1 оқушы, 2-3-4 сыныпта 1 комплект 4 оқушы, 6-7 сыныпта 1 комплект 3 оқушы, 9 сыныпта 1 комплект 3 оқушы. Оқыту 1 ауысымда жүргізіледі.

2023-2024 жылында мектеп бойынша білім сапасы – 66,5 %, бастауыш сыныптар бойынша білім сапасы – 100 %, негізгі орта білім беру деңгейінің білім сапасы – 58 %-ды құрады.

Келесіде білім деңгейлері бойынша сыныптарды біріктіріп оқытуда оқу бағдарламаларын бейімдеу үлгілері берілген.

**Бастауыш білім беру деңгейінің 2-3-сыныптарды біріктіріп оқытуға
арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту
қазақ тілінде)**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақ тілі» оқу пәнінің оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» оқу пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

3. «Қазақ тілі» оқу пәнін оқыту міндеттері:

1) тіл білімі бойынша бастапқы теориялық түсініктер беру;

2) сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;

3) білім алушылардың сөздік қорын толықтыру және сөздің грамматикалық құрылысын меңгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру;

4) тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру;

5) түрлі мәтіндер негізінде білім алушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру;

6) түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында сөйлеу этикетін қолдану;

7) ауызша және жазбаша сөйлеу нормалары мен тіл мәдениеті негіздерін меңгерту;

8) қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

2-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-параграф. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұны

6. Оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-3-сыныпты біріктіріп оқытқанда – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағатты құрайды.

7. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

1) сөздік диктант – 2-сыныпта 5-7 сөз, 3-сыныпта 9-12 сөз. Сөздік диктант- 2/3-сыныпта 7-12 сөз

2) диктант – 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 35-50 сөз. Диктант-2/3-сыныпта 30-50 сөз

3) мазмұндама мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 40-60 сөз, 3-сыныпта 60-80 сөз, 2/3-сыныпта 60-80 сөз

4) шығарма мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 25-35 сөз, 3-сыныпта 35-55 сөз. 2/3-сыныпта 35-55 сөз

8. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: сөйлеудің адам өміріндегі маңызы мен қажеттілігі; ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсінік; дауыс күші, сазы – ауызекі сөйлеудің мәнерлеуші құралдары; ауызекі сөйлеу кезіндегі қимыл мен ым-ишара; диалог; монолог;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттарға байланысты сұхбаттасын тыңдау, сөйлеу мәдениетін сақтау; амандасу жағдаятында қолданылатын сөздер; амандасу, өтініш білдіру, алғыс айту жағдаятын құрастыру;

3) фонетика: У дыбысы; сөз ішінде у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болып келуі; У әрпінің емлесі: дауыссыз дыбыстан кейін келген у әрпінің алдында ү, ұ дыбыстары естілгенімен, жазылғанда олардың орнына у-дың өзі ғана жазылатыны, дауысты ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге у әрпі қосылғанда, ы, і әріптерінің түсіп қалатыны; И дыбысы. И – дауысты, й – дауыссыз дыбыс екені. И – дыбысының бірде жуан, бірде жіңішке болатыны; И, й әріптерінің емлесі; Я, ю әріптерінің жазылуы; "дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні; Б, п дыбыстары; Б және п әріптерінің емлесі; Қ, ғ және к, г дыбыстары; Қ, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты ы, і дыбыстары жалғанса, олардың ғ, г дыбыстарына айналуы; Л, р дыбыстары. Л, р әріптерінің емлесі. Н, ң дыбыстары; олардың бір-бірінен айырмашылығы және емлесі; сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту: бүгін – бүгүн, түгін – түтүн, көсек – көсеу);

4) мәтін, мәтін туралы түсінік: жеке сөйлемдерден мәтіннің өзгешелігі; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтінге, сюжетті суреттерге ат қою; тақырып (мәтіннің аты), тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау; тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу; тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; тыңдалған материалға өз пікірін білдіру; оқыған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру және жауап беру; берілген тірек сөздерді қолданып ауызша әңгіме құрау;

5) мәтіннің құрылымы (басы, ортасы (негізгі), соңы (қорытынды) туралы ұғым: негізгі ойды беру формасы сөйлем; мәтіндегі азат жолдың рөлі; мәтіндегі сөйлемдердің байланысы; дұрыс құрылмаған мәтінді қайта құру;

6) мәтін түрлері: әңгімелеу, сипаттау, пайымдау: заттар мен құбылыстар туралы әңгімелеу, сипаттап айту; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

7) сөйлем: сөйлем туралы түсінік; сөйлемнің мәтіннен өзгешелігі; тұтас мәтінді сөйлемдерге бөлу, сөйлемдердің ара жігін ажырату; айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем; сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер (нүкте, сұрау, леп белгісі);

8) сөйлемдегі сөздердің байланысы: сұрақ қою арқылы сөйлемнің ішінен бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу; сөздердің орналасу тәртібін ескере отырып, сөздерден сөйлем құрау; сұрақ бойынша сөйлемді толықтырып жазу; үлгі, сызба, суреттер бойынша сөйлем құрап жазу; дұрыс құрылмаған сөйлемді түзеп, қайта жазу;

9) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы түсінік; мәтіндегі синоним, антоним, омоним сөздердің мағыналарын ажырата білу; берілген тақырып, сұрақ бойынша қажетті ақпараттарды іріктеп алу үшін дереккөздерді (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) қолдана білу;

10) сөз құрамы: сөздің түбірі мен қосымшасы туралы алғашқы түсінік; түбір мен қосымшаның бір-бірінен айырмашылығы; қосымша түрлері: жұрнақ пен жалғау, олардың белгіленуі;

11) сөз таптары: заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздер туралы түсінікті қайталау; сөз табы туралы түсінік; зат есім, оның мағынасы, сұрақтары; жалқы есім және жалпы есім; жалқы есімнің жазылу емлесі; зат есімнің жекеше және көпше түрлері; зат есімнің көпше түрін сөз құрамына талдау, көптік жалғаулары, оларды дұрыс қолдану; етістік, оның анықтамасы, сұрақтары; дара және күрделі етістіктер; сын есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сын есіммен зат есімнің байланысы; дара және күрделі сын есімдер; сан есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сан есімнің зат есіммен байланысып айтылуы; дара және күрделі сан есімдер;

12) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдарға байланысты сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұндама жазу; тірек сөздерді, суреттерді пайдаланып постер құрастыру; жеке сурет немесе сюжетті суреттер негізінде шағын сипаттау, әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу; үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама және нұсқаулық жазу; құраған мәтінінде жіберілген қателерді (орфографиялық, пунктуациялық, әріптік) мұғалімнің көмегімен тауып түзету; дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп, қайта жазу; жазба жұмыстарын каллиграфиялық талаптарға сай жазу;

13) жыл бойы өткенді қайталау.

9. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу ерекшеліктері;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттағы қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, қаратпа сөздерді қолдана отырып, тыңдарманның назарын аудару; өзгенің пікіріне өз көзқарасын білдіруде тілдік және этикалық нормаларды сақтау;

3) мәтін: мәтін туралы 2-сыныпта өтілгенді қайталау; көмекші сөздердің көмегімен әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтін түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтау; мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерге салыстырмалы талдау; ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін салыстыру;

4) тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілеу; ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; берілген тақырып пен суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; берілген мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздерді, жоспарды пайдаланып ауызша әңгіме құрау;

5) қаратпа сөз, оның тыныс белгісі; қыстырма сөз, оның тыныс белгісі;

6) фонетика: дыбыс туралы 2-сыныпта өткенді қайталау; э, е, ф, в, ц, ч, ш, щ дыбыстарының ерекшеліктерін меңгерту; бұл дыбыстарды дұрыс айтып, сауатты жазуға дағдылану; в, ф дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктерін салыстыру; Ч, щ дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктері; Х, һ дыбыстары, олардың айтылу ерекшеліктері; Х, һ дыбыстарына қатысты сөздердің емлесі; сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл);

7) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы берілген білімді еске түсіру; сөз мағыналарымен жұмыс: сөз өзінің тура мағынасынан басқа ауыспалы мағынада қолданылатынын және бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалатынын байқау; мәндес және қарама-қарсы мағыналы сөздер; тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын мәнмәтінде түсіну, сөйлеу барысында пайдалану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) берілген тақырып, сұрақ бойынша алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау;

8) сөз құрамы: сөз құрамы жайында 2-сыныпта өтілген ұғымдарды қайталау; түбір сөз және туынды сөз; туынды сөз жасайтын жұрнақтар; түбірлес сөздер; қосымшалардың емлесі: буын үндестігін сақтау, қосымша жалғанғанда кейбір сөздердің соңғы дыбысының өзгеруі немесе түсіп қалуы туралы түсінік;

9) сөйлем: сөйлем туралы 2-сыныпта берілген білімді қайталау; сөйлем мүшелері; тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер; бастауыш пен баяндауыштың байланысы; бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша; жалаң және жайылма сөйлем; үлгі сызба, сұрақ бойынша сөйлем құрау;

10) сөз таптары: сөз таптары туралы берілген ұғымды қайталау; зат есім туралы 2-сыныпта өтілген материалды еске түсіру; негізгі және туынды зат есім; туынды зат есім жасайтын жұрнақтар; зат есімнің тәуелденуі; тәуелдік жалғау, оның жекеше және көпше түрлері; тәуелдік жалғаудың емлесі; етістік туралы берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды етістік, болымды және болымсыз етістік; сөз таптары; сын есім жайында берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды сын есімдер; салыстырмалы шырай жұрнақтарымен таныстыру; сан есім туралы берілген білімді еске түсіру; есептік және реттік сан есімдер;

11) шығармашылық жұмыс: жоспар немесе сызба негізінде тірек сөздерді қолданып әңгімелеу, салыстыра сипаттау және көмекші сөздерді қолданып пайымдау мәтіндерін құрап жазу; оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама жазу; сызба, график, кесте, фотосуреттер қолданып мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық, презентация) құрастырып жазу; өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян жазу; жіберілген қателерді (пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) тауып, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 2.2.1.1 кодында: «2» – сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік саны.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	«Тыңдалым және айтылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	2-3-сыныптар
